

АО «НК «ҚТЖ» ПОДХОДИТ К ИСТОРИЧЕСКОМУ МАКСИМУМУ ПО ГРУЗОБОРОТУ, КОТОРЫЙ БЫЛ ЗАФИКСИРОВАН В 2012 ГОДУ НА УРОВНЕ 236 МИЛЛИАРДОВ ТОННО-КИЛОМЕТРОВ. ОБЪЕМ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН В ДЕКАБРЕ ДОСТИГ МИЛЛИОНА ДФЗ. ЗА ПОСЛЕДНИЕ ПЯТЬ ЛЕТ ТРАНЗИТ ВЫРОС В ПЯТЬ РАЗ.



Нурлан САУРАНБАЕВ,  
председатель правления АО «НК «ҚТЖ»



№106 (2714)  
24/12/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



### ҚТЖ ВЫПОЛНЯЕТ ПЛАНЫ

За период январь-ноябрь 2021 года на сети АО «НК «ҚТЖ» погрузка осталась на уровне прошлого года и составила 233 миллиона тонн различных грузов. В том числе внутри страны перевезено более 150 миллионов тонн.

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Нур-Сұлтан

АО «НК «ҚТЖ» выполняет планы по транспортировке социально значимых грузов, таких как зерно и уголь. За 11 месяцев 2021 года погружено 95,5 миллиона тонн каменного угля, что на 3% выше уровня прошлого года. В том числе коммунально-бытовым предприятиям и населению

страны доставлено свыше 67 миллионов тонн. Зерно нового урожая перевезено свыше 8 миллионов тонн. Внутри страны около 2, на экспорт – более 6 миллионов. Казахстанское зерно доставлялось в Узбекистан, Таджикистан, Туркменистан, Кыргызстан, Афганистан, Китай и Россию. За 11 месяцев погружено 14,5 миллиона тонн строительных и 16 миллионов тонн нефтяных

грузов, 24 миллиона тонн железной и марганцевой руды, 20 миллионов тонн цветной руды и серного сырья, 4,4 миллиона тонн черных металлов и 3,5 миллиона тонн химических удобрений. Грузооборот железнодорожного транспорта Казахстана к аналогичному периоду прошлого года вырос на 1,2% и составил 217,5 миллиарда тонно-километров нетто.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### ҮШ МЫҢҒА ЖУЫҚ БАҚЫЛАУ КАМЕРАСЫ БАР



Биылғы жылдың соңына дейін «2022-2023 жылдарға арналған темір жолдағы мүлкінің қауіпсіздігі мен сақталу деңгейін арттыру жөніндегі жол картасы» жобасы қабылданыуы мүмкін.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті бірлесіп әзірлеген құжатта кешенді заңнамалық және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар қарастырылған. Жол картасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді көздейді. Егер бұл мақсат іске асып жатса, онда темір жолдар арқылы рұқсат етілмеген жерлерден өткендерге, жол жиегіне мал жаю ережелерін бұзғандарға салынатын айыппұлдар көлемі артады.

Сонымен қатар станциялар мен вокзалдарда қосымша бейнебақылау камерасы орнату да қарастырылған. Бүгінде 35 теміржол вокзалында үш мыңға жуық бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Ал алдағы жылы олардың қатарына тағы 22 станция қосылмақ. Бейнекамералар жолаушы пойыздарының вагон-мейрамханаларында да пайда болады. Локомотивтер сыртқы және ішкі бақылау бейнетіркеу құрылғыларымен жабдықталмақ. Қазірдің өзінде бейнебақылау жүйесі елордалық локомотив құрастыру зауытының конвейерінен шыққан 150 локомотивте орнатылған. КЗ8А сериялы жаңа локомотивтерге бейнетіркеу функциясы бар «Борт» қозғалыс қауіпсіздігі жүйесін іске қосу жоспарлануда.

Жол картасында адамдар мен малдың пойызға басылуы жайттарының алдын алу іс-шараларына баса назар аударылған. Азаматтардың теміржол арқылы қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, елді мекендерде жаю жүргініштер өткелдері пен көпірлер салу қарастырылмақ. Жыл сайын 10-15 станцияда қосымша жаю жүргініштер төсемдері салынады. Сондай-ақ, теміржолдың қауіпті аймақ екенін ескертетін белгілер орнатылып, ескілері жаңартылып тұрады. Биылдың өзінде 700-ге жуық ескерту белгісі жаңаланған. Соған қарамастан адамдардың жолдан өту, яғни қауіпсіздік ережесін ерескел бұзуы азаймай отырғаны теміржолшылар мен көлік полициясы қызметкерлерін алаңдатып отыр.

Ислам ТАЛҒАТ, Нур-Сұлтан  
Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУКА

### Сандық технология

## ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ: автоматтандыру жобасы қалай жүзеге асуда?

Алматы депосында «Вагон пайдалану депосын автоматтандыру» жобасы пилоттық режимде сынақтан өтті. Бұл жобаның басты міндеті – барлық техникалық процестерді цифрландыру арқылы қағазсыз технологияға көшіру, сол арқылы вагон шаруашылығының жұмыс тиімділігін арттырып, өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету.


Сүлүгүл БАКЕСОВА,  
Нур-Сұлтан

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов, пилоттық сынақтар «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлық трансформация» бағдарламасы, яғни теміржол жүк тасымалын трансформациялауға бағытталған ТОП-30 бастамасын және «Үлгілі вагон депосы» жобасы бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде өткенін айтады. Жоба аясында вагон қараушылар сыртынан қарағанда смартфондарға ұқсайтын, арнайы мобильді терминалдар арқылы жылжымалы құрамды тексеру кезінде анықтаған ақауларды камералармен тіркейді. Бұдан әрі ақпарат жөндеуге келісім беру, ақаулық тізімдемесін бекіту үшін вагондардың меншік иесіне жіберіледі. Бұл процестердің барлығы онлайн режимінде жүзеге аспақ. Барлық тексеру деректер базасына келіп түседі және онда вагондарды жөндеу мәліметтері де сақталады.

Вагон операторы web-портал арқылы ауысым мен тәуліктегі вагон депосының қызметі бойынша есеп-қисапты қалыптастырады. «Барлық үдерістер ашық та айқын болғандықтан, оларды вагон иелері дұрыс қабылдайтын болады», – дейді Қанат Көбесов.

Оңтүстік астанада жүргізілген сынақ барысында мобильдік қосымшаға 16 пойыз, 512 вагонның тексеруден өткені туралы деректер жүктеліп, 6 ақаудың анықталғаны тіркелген және вагонның техникалық ақаулық жағдайын куәландыратын ВУ-23 алты тексеру уақытын үнемдеу, салған. Сондай-ақ, мобильді терминалдар арқылы сөйлесу электрондық формасы жасалған. Қызметкерлер бұл байланыс әдісі ыңғайлы және тиімді екенін айтты отыр.

«Жаңа технологияны енгізу Алматы депосы бойынша жылына бір ғана қағаз хабарламаларды басып шығаруға кететін шамамен 15 млн



теңгені үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл тікелей және айқын шығындар ғана. Үнемге сонымен қатар вагондарды тексеру уақытын үнемдеу, ақаулардың алдын алу, жұмысқа талдау жасау және басқа да технологиялық артықшылықтар кіреді. Алдын ала жасалған деректер, жалпы барлық вагон пайдалану деполары бойынша үнемдеу жылына 220 млн теңгені құрайтынын көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіш өсуі де мүмкін. Сондықтан болашақта вагон шаруашылығының барлық

нысанын электрондық нұсқаға көшіру жоспарда бар», – дейді бас директорының орынбасары. Қысқы ауа-райы жағдайында жобаны сынау астаналық вагон пайдалану депосында пилоттық режимде жүзеге аспақ. Бұдан кейін елдің барлық вагон деполарындағы процестер автоматтандырылады. Ұйымдастырушылар мұндай тәсіл барлық вагон операторларын Бірыңғай басқару орталығына біріктіретініне және жылжымалы құрамға қызмет көрсету сапасын жақсартатынына сенімді.

БІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰН-ДЫЛЫҒЫМЫЗ – АДАМ, СОНДЫҚТАН ҰЖЫМДАР-ДА ӘЛЕУМЕТТІК ТУРАҚТЫЛЫҚТЫҢ САҚТАЛУЫ, ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН МӘСЕЛ-ЛЕРІНІҢ ТЕЗ ШЕШІМІН ТАБУЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2021 ЖЫЛДЫҢ  
11 АЙЫНДА  
ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ

**180**  
КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗ  
ТАСЫМАЛДАНДЫ.

БИЫЛ ЖЫЛ БАСЫНАН  
БЕРІ ЕЛІМІЗДЕ

**95,5** млн  
ТОННА  
ТАС КӨМІР ТИЕЛДІ.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ  
КӨЛІГІНІҢ ЖҮК  
АЙНАЛЫМЫ  
ҚАҢТАР-ҚАРАШАДА

**1,2%**  
ӨСТІ.

### К УВЕЛИЧЕНИЮ ТРАНЗИТА



АО «KTZ Express» и ТОО «Международная Логистика CRCT Казахстан» заключили соглашение о сотрудничестве, которое позволит нарастить объемы транзитных контейнерных перевозок через нашу страну.

Документ станет важным механизмом для углубления взаимовыгодного партнерства в сфере развития логистических цепочек. По данным АО «KTZ Express», за 11 месяцев 2021 года совместно с ТОО «Международная Логистика CRCT Казахстан» по всем направлениям через

Казахстан перевезено 180 контейнерных поездов. Уже в следующем году ТОО «Международная Логистика CRCT Казахстан» планирует отправить более 300 контейнерных поездов из различных провинций Китая в страны Европы, САЗ, РФ, а также на Транскаспийском маршруте.

Стоит отметить, что компания является филиалом крупнейшего контейнерного оператора China Railways Container Transport Co., Ltd.

Роман ЛЮБИМОВ,  
Нур-Сұлтан  
Фото автора



## ДЕПУТАТПЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



КӨЗҚАРАС

Ел аралап жүрген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских теміржолшы болған жылдарын еске алды. «КТЖ» ҰК» АҚ-да кадр даярлаудың жүйесін мысалға келтірген депутат мамандықты насихаттауға ерекше көңіл бөлу керектігіне тоқталды.



Мәжіліс депутаты Ақтөбе қаласына келген сапарында зиялы қауым өкілдері, білім саласының мамандары және жастармен кездесті. Жоғары білім алған жастардың жұмыссыз қалмауына баса назар аудару керектігін айтқан мәжілісмен осы бағытта теміржол саласындағы жұмыстан мысал келтірді.

«Теміржол кадрларын дайындайтын оқу орындарында өндіріспен байланыс жақсы жолға қойылған. Алматыда, Ақтөбеде теміржолшылар дайындайтын оқу орындары бар. Олар жұмыс беруші мекемелермен тығыз байланыс орнатқан. Сұранысқа ие мамандықтарға талдама жасалады. Бұл студент үшін тиімді. Мамандық насихатталады, имидж қалыптасады. Студенттер ҚТЖ мекемелерінде практикандар өтеді, өндіріспен танысып, тәжірибе жинақтайды. Ұнатқан студентті мекеме оқу бітіргесін өздеріне шақырып, жұмыс ұсынады», – деді Геннадий Шиповских.

Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Сексеуіл ауылында дүниеге келген 32 жастағы депутат Қызылорда локомотив депосында машинист болған. «Ақтөбе бізге жақын. Кезінде осы жерде оқыдым. 2016 жылы Қызылорда локомотив депосында жұмыс істеп жүрген кезде қайта тәжірибелік құрсын да Ақтөбеде оқыдым. Мұнда қызметкерлердің білім жетілдіру жұмысы жақсы жолға қойылған», – деді депутат.

*Суретті түсірген автор*

## ТҮРКСІБКЕ ТАҒЫМ

**Ұлан ОРАЗ,**  
Семей



ТАРИХ  
ТАҒЛЫМЫ

Семей – Түрксібтің отаны деген сөз бекер айтылмаса керек. Осыдан тура он жыл бұрын Семейде құрылған «Түрксіб-Семей» қоғамдық қорының көздеген мақсаты да сол түрксібшілердің ерен еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізу еді.

Қорды құруға бастамашы болған ардагер теміржолшы Мақсұт Көпжанов 1957 жылы еңбек жолын бастаған екен. Түрксіб темір жолын салушылардың талайымен бірге жұмыс істеген, әңгімелерін өз ауыздарынан тыңдаған. Ұлы құрылысты салуға атсалысқан теміржолшылар есімін жаңғырту үшін ол Семей бөлімшесі басшыларына қор құру идеясын ұсынып қана қоймай, оны құруға және музей ашуға мұрындық болған. Деректі фильм түсіріп, мекемелердің тарихи жазылған қабырға тақталар, альбомдар, банерлер жасатқан.

«Түрксіб-Семей» қоғамдық қоры Семей темір жолы бөлімшесі жанынан құрылды. Мақсаты – Түрксіб темір жолының тарихын зерттеп, теміржолшылардың жанқияр еңбектерін жарыққа шығару. Бұл ретте біз темір жол тарихын зерттеп, том-том кітап шығарған танымал теміржолшы, мемлекет және қоғам қайраткері Нығметжан Есенғариннің еңбектерін басшылыққа алдық», – дейді қор құрылтайшысы М.Көпжан.

Қордың арқасында Семей бөлімшесінде көп жыл еңбек еткен танымал теміржолшыларға ескерткіш тақта тас та қойылды. 2020 жылы теміржолшылар кентіне қатынайтын 4 км жолға асфальт төселді. Бөлімше алдына 100 жылдыққарай паровоз макетінің кескіні, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Құрметті теміржолшылардың көрме тақталары орнатылды. Семей вагон пайдалану және локомотив пайдалану депосының аландарында тәжірибе құрылғылары қойылды. Семей белгі беру және байланыс дистанциясының алдына «Құрмет-даңқ» көрме тақтасы, Семей вокзалының алдына «Семей вокзалына 100 жыл» мәрмәр тақтасы орнатылды.

Айта кетейік, 2015 жылы Семей темір жол бөлімшесінің 100 жылдығы қарсаңында «Түрксіб-Семей» музейі ашылды. Семей вокзалының 1928 жылғы сұлба схемасы, 1934 жылғы электржезді станция құрылымдары, белгі беретін қоңырау, әр түрлі фонарлар, қызыл, сары жалаулар, рельстің түрлі маркадағы кесінділері, шпал, рельс бекіткіштері, шекездықтар, балғалар, шпал көтеретін қысқыштар мен сүйемдер, паровоздың, вагонның, жол өткелінің макеттері, т.т. жәдігер бұйымдар қатарында.

## СЕНІМДІ, ТӨЗІМДІ ЖӘНЕ ҮНЕМДІ



СЫНАҚ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Нұр-Сұлтан

Бұл жоба шпалдарды механикаландырылған ауыстыруға арналған «Geisnar» кешенін пайдалана отырып, Павлодар облысының Шідерті-Екібастұз телімінде төселді. Темірбетон шпалдар «Бент фирмасы» және «INNOTRACK» ЖШС кәсіпорындарында В50 маркалы бетоннан жасалған.

«Шпалдар рельстерден түсетін

Магистральдық желі дирекциясы бойынша биыл қанатқақты режимде жүзеге асырылған жобалардың бірі – пайдалану сенімділігі жоғары В50 маркалы темірбетон шпалдардың төселуі.

салмақты қабылдау, балласт қабатына динамикалық әсерді өңдеу және беру, балластпен бірге көлденең және тік жақтықтағы рельс шпалдарының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Қазіргі уақытта темірбетонды негіз – әлемнің көптеген елдерінде шпалдардың ең сенімді түрі болып саналады және бірқатар пайдалану қасиеттерімен бағалы. Мәселен, темірбетон шпалдары шірімейді, үлкен қысым кернеулеріне төтеп

береді, жоғары беріктікке ие, яғни ағаш шпалдардың қызмет ету мерзімі 15-20 жылды құраса, темірбетонды түрі 50 жылға шыдас береді», – дейді Павлодар магистральдық желі бөлімшесінің директоры Марат Жүнісов.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық желісінде В50 бетон маркалы темірбетон шпалдарын пайдаланудың тағы бір артықшылығы – ол 27 тоннаға дейін осыткік жүктемесі бар құрамдарды қабылдауға қауқарлы және пойыз-

дардың қозғалыс жылдамдығын 200 км/сағ дейін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, шпалдың қызмет мерзімі елу жыл шамасын құрайды екен. Пилоттық режимдегі жобаны жүзеге асыруға Екібастұз жол дистанциясына қарасты Шідерті – Бозшақөл аралығы тақ жолдың 258 шақырымы таңдалуы да бекер емес. Өйткені, бұл жүктемесі аса жоғары учаске болып табылады.

«Сынақтың басты шарты – В50 маркалы темірбетон шпалын қоршаған ортаның температурасы +45-тен -45 градусқа дейінгі жағдайда магистральдық теміржолға ағымдық күтім жасай отырып, пайдалану. Сынақ мерзімі – он екі айды, яғни 2022 жылдың қараша айына дейінгі уақыт аралығын қамтымақ», – деді бөлімше басшысы.

## СТАНЦИЯ ЖОЛДАРЫ ЖАҢАРДЫ



ТОЛАСКЕЗ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Белкөл

Айта кетейік, үш мыңнан астам жаңарып жаңғырған жолдар – бүкіл станциялық жолдар жиынтығы: яғни бір жолдың 300 метрі, екінші жолдың 185 метрі, үшінші жолдың 98 метрі, тағы бірінің 100 метрі жаңартылып және жаңадан 1300 метрлік бекеттің басты жолы салынды. Демек, Белкөл бекетінде жаңадан тағы бір жол пайда болды деген сөз. Бұл бекеттегі маневрлік, пойыздық жұмыстардың ширай түсуіне ықпал етпек.

Бекет жолдарын жаңалап, енді бірін тыңнан салу жұмыстарын бұл салада аймаққа танымал «Integra Construction KZ» Батыс серіктестігі жүргізді. Серіктестіктің жол салуға қажетті барлық техникасы мен жеке құрамын

Қызылорданың Белкөл бекетінде бірнеше күнге белгіленген қарбалас тіршіліктің нәтижесінде барлығы 3363 метр станциялық жолдың төсемі жаңаланып, отандық Р-65 маркалы рельс төселді.

Белкөл ЖМС директоры Айдарбек Әбділдаев, Магистральдық желі бөлімшесі мен Қызылорда жол дистанциясының басшылығы оңтайлы ұйымдастырыпты. Төрт сағаттық «толаскезде» 1300 метрлік басты жол салынған кезде 25 метрлік стандартты рельстер түгел алынып, оның орнына Луговой рельс дәнекерлеу мекемесінде әзірленген отандық 1300 метрлік ұзындықтағы түйіспесіз рельс төселді. Қызылорда жол дистанциясының 3-ші өндірістік телім басшысы Мұрат Байділдаев бастаған жол шеберлері мен бригадирлер Рахат Әлжанов, Бақытжан Ақбалаев, Қалдыбай Әділов, Ерболат Торанов толаскез барысын бақылап, жолдарды шаблон құралымен өлшеп, тексеру



жұмысымен айналысты.

– Белкөлдің станциялық жолдарының жаңарып, жаңадан салынуы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында, жоспарланған кешенді шаралар негізінде жүзеге асырылуда. Жолдың 1300 метрге түйіспесіз рельстің салынуы жылжымалы құрамдардың вагон доңғалағы арқылы жолға түсіретін динамикалық жүктемесін азайту мақсатын көз-

дейді. Бүгінгі толаскезде 800 метрлік, 325 метрлік рельстер ауыстырылып, бірімен бірі түйістірілгеннен кейін ПРСМ-5 машинасымен дәнекерленіп, қайта жонылып, тегістеліп, технологиялық талапқа сай реттеледі. Ол үшін барлық техника мен құрал-саймандар, кіші механизмдер жұмылдырылады, – деді телім басшысы Мұрат Байділдаев.

*Суретті түсірген автор*

## БІРТАЛАЙ КЕМШІЛІКТІҢ БЕТІ АШЫЛДЫ



АЙЛЫҚ

**Жан ПЕРДЕБЕК,**  
Шымкент

Айталық, барлық станцияларда вагондарды тіркеуде тежегіш табандықты қоюдың регламенті мен алып тастау уақытын бақылау, башмақтардың бүтіндігін, оларды дұрыс есепке қоюды қамтамасыз етуге көңіл бөлінді.

Айлық аясында Бурундің станциясында тежегіш башмақты дер кезінде алмағаны үшін вагонның жолдан шығып кету оқиғасының себеп-салдары талданып, онымен 851 теміржолшы таныстырылды. Бір аптадағы тексерісте Арыс, Қалаш, Игілік станцияларында жүргізілген тексеру 7 бұзушылықты анықтады. Ал екінші аптада Сарыағаш, Монтайтас, Шанақ станциялары тексеруден өтіп, тағы бірнеше бұзушылық анықталды. Ал үшінші аптада бөлімше басшысының орынбасары А.Салықбаев Шымкент станциясында түнгі уақытта тексерулер өткізіп, мұнда да бірталай кемшілік анықталды. Сайрам, Текесу, Бадам станциялары да тексерістен тыс қалмады.

Ал айлықтың төртінші аптасында бөлімшенің бас инженері И.Нұржанов Шымкент, Меңлібай, Мақтаарал, Жетісай, Жылға, Тоғыс, Дарбаза, Сайрам, Ленгір, Қорғасын станцияларына тексеріс жүргізді. Түркістан өңірі бойынша бөлімше бастығының орынбасары Ф.Меңдібаев Күншағыр, Ақдала, Қостүйін, Тимур, Ақшоқат, Түркістан, Шойтөбе, Отрабад станцияларын тексерді.

Қысқасы, айлық аясында 350 жедел тексеріс жүргізіліп, 176 бұзушылық анықталды. 99 жұмысшы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Локомотив шаруашылығы бойынша 46

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде «Тежегіш табандықтарын ерекше бақылау» айлығы өтті. 11 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткен айлық аясында бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізілді.



тексеріс жүргізіліп, 46 бұзушылық анықталды. Он жұмысшы тәртіптік жауапқа тартылды.

Айлық барысында Шымкент ЖТ басшылығы бөгде адамдардың станция парктерінен, сақтау орындарынан тежегіш табандарын ұрлау деректерін болдырмау үшін бірқатар іс-шаралар қабылдады. Станциялық жолдарда вагондарды бекіту бойынша операциялары орындау реттілігі мен жергілікті жағдайларға сәйкестігі, қажет болған жағдайда станция ережесіне сәйкес өзгерістер енгізілуі қарастырылды. Құлыптар мен сөрелер жаңартылды. Жұмысшыларға вагон доңғалақтарының астына тежегіш табандықтарын жүйелі тәртіппен орнатуды міндеттейтін нұсқаулықтар өткізілді.

*Суретті түсірген автор*

## Жоба

### МАНЕВРЛІК ЖҰМЫС ӨНІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Темір жолда локомотивтердің маневрлік жұмыс өнімділігі артады. Семей жүк тасымалы бөлімшесінің Жаңа-Семей станциясында маневрлік локомотивтерді пайдалану уақытын бөлек есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу жоспарлануда.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Қазіргі уақытта IT-жүйені әзірлеу және енгізу бойынша техникалық тапсырма әзірленуде. Бағдарлама маневрлік локомотивтердің нақты жүктемесін бағалауға, деректерді өңдеудің сенімділігін арттыруға, адам факторының әсерін азайтуға, станция жұмысындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмауға, сондай-ақ жалпы өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

– Бұл жұмыс «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Цифрлық трансформация» бағдарламасының «Маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыру» жобасы аясында жүргізілуде. Оның негізгі міндеті – маневрлік жұмыста локомотивтерді қолданудың тиімділігін арттыру, барлық жүк станцияларында вагондарды уақытты беру/алып кетуді қамтамасыз ету, – дейді жоба директоры Нұржан Келбұғанов.

Пилотты енгізу қорытындысы бойынша жобаны «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық бөлімшелеріне енгізу жоспарлануда.



## С ХОРОШИМИ РЕЗУЛЬТАТАМИ



ИТОГИ

**Милена КАИРОВА,**  
Алматинская область

Проект по увеличению пропускной способности участка Саяк – Достык за столь короткие сроки позволил открыть движение по второму пути перегона Достык – разъезд 19 протяженностью 22,8 километра благодаря слаженной работе ПЧМ Акадыр, ПЧ Достык с привлечением МО-1, ПЧМ 40-я, ПЧМ Чу, ПЧ-31 Актогай, ЭЧ-20 Уштобе, АО «Кедентранссервис».

Продолена колоссальная работа. Так, силами ТОО «Integra Construction KZ» проведены срезка почвенно-растительного слоя в объеме 31 927 кубических метров; работы по отсыпке земельного полотна из дреннирующих грунтов в объеме 212 907 кубических метров. Более того, построен железобетонный мост, удлинены 3 водопропускные трубы, по разъезду 19 выполнено переустройство и секционирование двух ВЛ 10 кВ АБ и ПЭ; переустройство существующего освещения по станции Достык. Хорошо подготовлены 5 пунктов обогрева и 2 стрелочных поста, уложено 29,8 километра кабеля ВОЛС и 90,6 километра кабеля устройств железнодорожной автоматики, построено модульное здание поста ЭЦ на разъезде 19.

С использованием техники ПЧМ Акадыр ПЧ-43 Достык на разъезде 19 произведен демонтаж участков 2-го и 3-го ПОП по 500 п.м, двух стрелочных переводов, тупика с последующей укладкой 1 024 п.м и 6 новых комплексов стрелочных переводов на же-

лезобетонном основании. На сегодняшний день общими усилиями выгружено 48 522 кубических метра щебня, поступающего со всех регионов Казахстана, для создания нормативного балластного слоя под шпалами отсыпано 12 255 кубических метров. На стройке применены современные австрийские комплексы Duomatic и Unimat, которые уже давно себя зарекомендовали своим отменным качеством.

Силами Актогайской дистанции сигнализации и связи завершено 3 этапа работ по реконструкции четной горловины разъезда 19; перенесен станционный переезд на 285-й километр с обеспечением постоянной связи по ДХ-500 дежурного по переезду; дополнительно уложены и введены в эксплуатацию 5 стрелочных переводов с проведением монтажных работ в релейном помещении. В связи с открытием второго пути на перегоне Достык – разъезд 19 введен в эксплуатацию дополнительный входной сигнал «ЧД», произведен перенос выходного сигнала «Н1», трех сигнальных точек ЦАБ АЛСО на новые ординаты. На станции Достык установлен дополнительный входной сигнал «НД».

Стоит отметить работников Актогайской дистанции сигнализации и связи. Это главный инженер Динмуханбет Каттыбаев, заместитель начальника по СЦБ Айбек Ниязов, начальник участка Серик Аманжолов, старший электромеханик СЦБ Бауыржан Жанибеков и другие.

При поддержке руководства отделения созданы все необходимые социально-бытовые

условия на станции Достык и разъезде 19 для командировочных.

Масштабная работа проделана и на станции Алтынколь. Стоит отметить, что контейнерные перевозки все больше и больше занимают лидирующие позиции. А для увеличения перерабатывающей способности контейнерных поездов на приграничной станции Алтынколь совместно с ПЧМ Акадыр ПЧ-62 Алтынколь выполнены работы по строительству двух приемоотправочных путей общей длиной 2 331 метр, с балластировкой 3 570 кубами щебня, уложено 4 новых комплекса стрелочных переводов на железобетонном основании.

Специалистами Алматинской дистанции сигнализации и связи установлено 4 электропривода с фундаментальными угольниками и гарнитурами. Выполнен внутренний монтаж электроприводов, установлены 4 стрелочные муфты на 4 электропривода, два выходных трехзначных светофора, сигнальные трансформаторы, на кроссовом ставиве-колодке.

При выполнении данных работ наиболее отличились главный инженер Алтынкольской дистанции пути Кайрат Аймбаев, заместитель начальника участка Алтынкольской дистанции пути Сырым Турахан, начальник участка Алтынкольской дистанции пути Бауржан Кабанбаев, дорожный мастер станции Алтынколь Ахмет Нурмуханбетов.

Так что хороший подарок сделали железнодорожники к 30-летию независимости РК и к Новому году – выполнили все поставленные задачи в срок и со знаком плюс.

*Фото автора*

## ОСВОЯТ НОВУЮ ПРОФЕССИЮ



ОБУЧЕНИЕ

**Помощники машинистов тепловозов Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) получают еще одну профессию – осмотрщиков вагонов. Обучать их будут вагонники – на ПТО станции Оскемен-1 и линейных пунктах технического обслуживания.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Как рассказал главный инженер Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Саят Байжуминов, протоколом производственного совещания под председательством заместителя генерального директора по организации перевозочного процесса ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марата Ибраева от 19 ноября 2021 года, в частности, было принято решение

всем директорам региональных отделений грузовых перевозок организовать обучение помощников машинистов на осмотрщиков вагонов с последующей проверкой знаний. В этом возникла необходимость вследствие оптимизации контрольных пунктов осмотрщиков-ремонтников вагонов на перегонах.

Теперь их работу будут выполнять помощники машинистов локомотивов. При возникновении каких-либо экстренных ситуаций в пути следования поезда они смогут сами

установить неисправность в вагоне и выдать решение: ждать осмотрщиков с основной станции или можно исправить поломку и продолжить движение.

– Расстояния между станциями большие, ждать осмотрщиков с основной станции в случае поломки – это большие временные затраты. Поэтому руководство компании приняло решение обучить помощников-машинистов, – говорит Саят Байжуминов.

На территории Семейского региона Семейского отделения грузовых перевозок ранее было около десятка контрольных пунктов осмотрщиков-ремонтников вагонов. Теперь их убрали. В Оскеменском регионе не было ни одного такого контрольного пункта. Несмотря на это, помощников машинистов тепловозов Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо решили тоже обучить.

– Мы уже получили соответствующий приказ из Семейского отделения грузовых перевозок. Учебу проводит наш мастер производственного обучения на ПТО станции Оскемен-1, а также на линии, где есть структурные подразделения ТЧЭ-22, – объяснил Саят Байжуминов.

## БЕРЕЧЬ ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ



СЕМИНАР

**Семинар экологов прошел в Алматинском отделении грузовых перевозок. В мероприятии приняли участие представители департамента экологии, главные инженеры предприятий.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Стоит напомнить, что 2021 год объявлен Годом экологии, и с июля текущего года введен в действие новый Экологический кодекс Республики Казахстан – фундаментальный документ в сфере охраны, восстановления и сохранения окружающей среды. С его принятием появилось большое количество новых норм, регулирующих экологические отношения, что, несомненно, вызвало огромный интерес к ним со стороны природопользователей.

Более того, новый Экологический кодекс ужесточает правовой режим для объектов, оказывающих наибольшее



значительные воздействия на окружающую среду.

В ходе встречи поднимались вопросы производственного экологического контроля, применения нового за-

кона к объектам инфраструктуры железнодорожного транспорта. Также были озвучены вопросы состояния экологической культуры Алматинского отделения грузовых перевозок.

В частности, главный инженер Алматинского отделения ГП Сабыр Имангалиев отметил, что с начала года в целом по НОДГП-7 очищено 12 573 м<sup>2</sup> территории, в том числе и траекторные пути эксплуатационных локомотивных депо Алматы, Актогай и Матай.

Согласно плану природоохранных мероприятий выполнено 9 мероприятий на общую сумму 5 776 тысяч тенге. Объем выбросов загрязняющих веществ в атмосферу за текущий отчетный период составил 115,4211 тонн при разрешенном лимите 230,512. Нормативные экологические платежи от стационарных объектов за отчетный период составляют 3 314,316 тысячи тенге. Объем отходов потребления и производства составляет 1 593 тонн, за аналогичный период прошлого года – 1 593. По сравнению с прошлым годом увеличение объема отходов потребления и производства не было. Со стороны надзорных органов по роспуску грузов в составе поезда в пути следования штрафных санкций не предъявлено.

Всего вывезено золошлака – 342,65 тонн, металлолома – 212,559.

– Главное, обеспечить благоприятные условия для жизни и здоровья человека, а также формирование экологической культуры, пропаганду экологических знаний, – отметил Сабыр Имангалиев.

В рамках формирования экологической культуры, сознания и мировоззрения среди железнодорожников запущены экологические акции «Посади дерево», «Бирге – Таза Теміржол», «Спаси ежика», «Сбереги природу – сдай батарейку» и эко-час «Охрана окружающей среды».

Также в филиале проводятся конкурсы детских рисунков «Экология глазами детей», между структурными подразделениями организованы конкурсы «Зеленый и здоровый офис» и «Экобезопасность производства», «Экологический час окружающей среды».

На совещании говорилось, что Экологический кодекс регулирует отношения в области охраны, восстановления и сохранения окружающей среды, использования и воспроизводства природных ресурсов при оценке хозяйственной и иной деятельности.

*Фото автора*

## В РУСЛЕ ПОСТАВЛЕННЫХ ЗАДАЧ

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан



ЮБИЛЕЙ

**В декабре ТОО «Порт Курык» отмечает свое 5-летие. За этот небольшой срок через морские ворота на восточном побережье Каспия прошло 2 018 судов, а перевалка грузов превысила 6,017 миллиона тонн.**

В настоящее время через паромный комплекс порта на экспорт отправляются казахстанское зерно, уголь, нефтепродукты, удобрения, химикаты. Импорт составляют продукты питания, промышленное оборудование, стройматериалы и другие грузы.

Праздничную дату коллектив порта отметил соревнованиями, концертом и благотворительной акцией. Кроме того, в торжественной обстановке прошла церемония вручения благодарственных писем и нагрудных знаков заслуженным работникам комплекса.

Генеральный директор ТОО «Порт Курык» Серик Ахметов в своем выступлении поздравил сотрудников с 5-летием, а также с наступающими праздниками и поблагодарил за вклад в развитие порта.

Напомним, порт Курык создан в рамках исполнения Послания Президента РК Нурсултана Назарбаева от 11 ноября 2014 года «Нурлы жол – Лұт в будущее» в части становления Казахстана крупнейшим деловым транзитным региональным хабом, а также в рамках реализации проекта «Новый Шелковый путь». В декабре 2016 года в рамках Общенационального телемоста с участием Главы государства запущены объекты первого пускового комплекса порта.

## КУЛЬТУРА БЕЗОПАСНОСТИ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда



ОХРАНА ТРУДА

**Важнейшая задача охраны труда – формирование у работников сознательного отношения к вопросам личной безопасности и безопасности окружающих. Осознанная культура безопасности труда – это осознанный уровень риска при работе.**

– Под такими лозунгами прошла работа филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» в 2021 году, итог которой – отсутствие производственного травматизма, – рассказывает начальник службы по производственной безопасности и экологии филиала Асель Оспанова. – Следующее достижение в области безопасности и охраны труда – это отсутствие административных правонарушений, в том числе при проверке уполномоченных органов.

Все организационно-технические мероприятия, направленные на сохранение жизни и здоровья работников филиала в процессе их трудовой деятельности, в текущем году специалистами, работниками филиала отработаны добросовестно. Кроме того, проведена огромная мотивирующая работа по соблюдению работниками техники личной безопасности при выполнении работ и в течении рабочей смены. Так, путем проведения поведенческих диалогов безопасности остановлены неправильные действия работников, путем разъяснительной беседы устранены нарушения и последствия неправильных действий.

– Системный подход к работе по совершенствованию охраны труда на предприятии – это вечный довод в пользу эффективной организации охраны труда, все это окупится в будущем. Поставленные нами задачи по безопасности и охране труда являются обязательным условием безопасной работы. Цель в том, чтобы каждый работник заботился о себе, равно как и о своих коллегах, – отмечает Асель Оспанова.

## Мерейтой



**Батыс Қазақстан теміржолшыларының ұстазы Бисенбай Майсутов 80 жаста. Отандық темір жолдың, оның ішінде тоғыз жолдың торабында жатқан батыс аймақтық магистральда өшпес қолтаңбасы қалған ардагер жарты ғасырдан астам өмірін осы салаға арнаған.**

## ҰСТАЗЫ БОЛҒАН ТАЛАЙДЫҢ...

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Бисенбай Қоңқақұлы Кеңес үкіметі тұсында-ақ "Құрметті теміржолшы" атанды. 1941 жылдың 23 желтоқсанында Шалқар қаласында өмірге келіп, Қандыағаш қаласында өсіп-жетіліп, ұзақ жыл Батыс аймақтағы вагон шаруашылығын басқарған азаматты аймақта танымалығын теміржолшы кемде-кем.

«1959 жылы мектеп бітіріп, Ташкенттегі теміржол институтына түсуге бардым. Ол кезде заман басқа еді. Практикалық тәжірибе болмаса оқуға алмайды. 18 жасқа толмаған тәжірибесіз жастарды кешкі оқуға қабылдап, Ташкенттегі тепловоз жөндейтін зауытқа апарды. Күндіз жұмыс істейміз, кешке оқимыз. Екі жылда алты цехтан өттім. Зауыттың ішінде жұмыспен толық танысып, үйреніп, дайын маман болып шықтық. Теориялық білім өз алдына. Үшінші курсқа келгенде күндізгі бөлімге ауыстым. Осылайша 1965 жылы институтты бітіріп, жолдамамен Шұбарқұдық локомотив депосына келдім», – деп еске алады ардагер өткен күнді.

Шұбарқұдық депосынан кейін еңбек жолы Қандыағаш депосында шебер болып жалғасады. 1967 жылы шаңырақ көтеріп, бір жылдан соң Алматыдан Гурьев бөлімшесіне жіберілсін деген бұйрық келіп, аға инженер

болып ауысады.

«Онда сегіз ай жұмыс істеген соң Гурьев бөлімшесінің бастығы Сексенбаев Тәжбен Өмірзақұлы шақырып, Гурьев локомотив депосының басшысы қызметін ұсынды. Ол кезде бар болғаны 27 жастамын», – дейді ол. Алғашында кәсібі вагон шаруашылығы екенін айттып бас тартқанмен келісуге тура келеді, басшылық білікті маман тапқан соң қайта ауыстыруға уәде береді. Айтқанындай, 1969 жылдың мамыр айында вагон депосының бас инженері болып ауысып, әрі қарайғы өмірі тек осы саламен байланысты өрбиді. 2012 жылы зейнетке шыққанша вагон шаруашылығының «отымен кіріп, күлімен шығып» дегендей, аянбай еңбек етеді. Құдайға шүкір, абыройлы болды, теміржолдағы талай тар жол, тайғақ кешуді бастан кешті, қаншама шәкірт тәрбиелеп өсірді.

Ол рас. Батыс Қазақстан теміржолшыларының ұстазына айналған Құрметті теміржолшының шәкірттері көп-ақ екен. 80 жасқа толып отырған ұстаздарына құттықтау тілегін жолдап жатқандар қатарында Түсіпбек Қойшығұл, Құлахмет Төкешев, Сәкен Төлебаев, Аманбай Айтжанов сынды өз ісінің майталманы атанған теміржолшылар бар.

*Суретті түсірген автор*

## ДОНОРЛАР ҚАТАРЫ ЖАСТАРМЕН ТОЛЫҒУДА



**Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жастар ұйымының бастамасымен ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қайырымдылық шаралары жалғасуда. Жуырда бір топ теміржолшы жастар қалалық қан орталығына арнайы барып, донор ретінде қан тапсырды.**

**Қуан ЕРТІС,**  
Семей

Мұндай шаралар бұрын да ұйымдастырылып келді, биылғы артықшылық, қан тапсырғандар санының артуымен ғана ерекше болды және ынты білдірушілер қатарында жастар көп.

– Алдын ала жасалған хабарландыруға үн қосып, қан өткізуге ниет білдіргендер шынында биыл көп болып отыр. Жалпы, бөлімшемізде қалыптасқан ерікті «Теміржолшы донорлар» ұйымы бұл шараға әрдайым сергек қарайды. Сондықтан да болар, қан тапсыруға үзбей барып тұратын еріптестеріміздің қатары артуда. Бұл жолы біз – жастар белсенділік танытып, әрқайсымыз қалалық қан орталығына келіп 450 граммнан қан тапсырдық. Мүмкін, бір адамның болса да өмірін құтқарған шығармыз, – дейді бастамашылы топтың жетекшісі, Семей ЖТ бөлімшесінің жастар ұйымының төрайымы



Арайлым Қосанова.

Жалпы Семей теміржолында қан тапсырып, қайырымдылық жасауда белсенді қызметкерлердің қатары көп. Бөлімшеде осы уақытқа дейін 40 реттен аса қан, 70 рет плазма өткізіп, 500 литрге жуық қан тапсырып, «Құрметті донор» төсбелгісін иеленген кең жүректі теміржолшы да еңбек етуде.

Енді, міне, аға буын қалыптастырған сауапты да игілікті шараны жастар қауымы жалғастырып отыр.

*Суретті түсірген автор*

## Спорт

### БАС ЖҮЛДЕ – ВАГОНШЫЛАРДА

**Семей ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған спорттық сайыстарды қорытындылады. Футзалдан өткен соңғы жарысқа желі бойынан жиналған жалпы саны 11 команда қатысты.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Спорттың дәл осы түрі семейлік теміржолшылардың қолайына жағатындықтан қатысуға тілек білдіргендер де көп болыпты. Сол себептен де әрбір команда Дегелең, Шар сынды іргелі станциялардан әуесқой футболшыларды арнайы шақырып, мықты дайындықпен келіпті.

Бірінші болып алаңға бөлімше чемпионы ШЧ-29 командасымен ВЧД-23 ойыншылары шықты. Тас-түйін даярлықпен келген вагон қараушылар әу бастан-ақ қарсыластарын ұпай санымен ойсыра ұтты. Осыған дейін

алдына команда жіберіп көрмеген чемпиондар бұл жолы айтарлықтай қайрат көрсете алмады. Нәтижесінде Семей вагон пайдалану депосының теміржолшылары суырылып алға шықты. Кейінгі ойындарда да алғашқы жеңістен руханған вагон қараушылар айқын басымдықпен ұтып кетіп отырды. Бұл ойынға қатысушы барлық команда үшін күтпеген сенсациялық жағдай болатын.

Осылайша, ойын да өз мәресіне жетті. Нәтижесінде бірінші орынды ВЧД-23 командасы иеленсе, екінші орынды ЭТЖК Семей



филиалының жігіттері қанжығасына байлады. Жұлделі үшінші орынды НЖС-6 ойыншылары місе тұтты. Ал, жеңіске аз ғана ұпай жетпей қалған ТЧЭ-24 машинистері командалық есеп бойынша төртінші орынға тұрақтады. – Жігіттер бабында екен. Әсіресе, Ардақ Тұмабаев, Айдар Құлтаев, Мұрагер Қасымханов және Әділхан Бедеров пен Жомарт Болатов өрнекті ойын көрсетті, – дейді ВЧД-23 мекемесінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Ертай Темірбеков.

*Суретті түсірген автор*

### ЖАСЫЛ АЛАҢДА – ЖЕТІ КОМАНДА

**ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне шағын футболдан жарыс өткізген қызылордалық теміржолшылар көрерменге көтеріңкі көңіл күй мен жақсы демалыс сыйлады.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Жарыста аймақтағы мекемелердің жеті командасы қатысты. Қарсылас құраманың осал тұсын дөп табатын «ДС Белкөл» ко-

мандасының үздік шабуылшысы Әлібек Тәжібаевтың шеберлігіне тәнті болған көпшілік қарсыласынан техникалық шеберлігімен аяласын асыратын Қызылора жол дистанциясы құрамасының үздік ойыншысы Қыналы Санжарға қол соқты. Сондай-ақ,

### ПОСВЯЩЕН ПРАЗДНИКУ

**Турнир по волейболу среди структурных подразделений железной дороги прошел в Усть-Каменогорске. И хотя работники профсоюзного ФСК «Локомотив» проводили его уже после празднования Дня независимости, он посвящался именно этому празднику.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В соревнованиях приняли участие четыре команды – Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, Защитинской дистанции сигнализации и связи, ТОО «СпецСервисСуурлы» и станции Оскемен-1.

– Все команды играли по так называемой круговой системе, друг с другом, – объяснил инструктор по спорту ФСК «Локомотив»

Олег Кушкунув. – Соревнования проходили в актовом зале одного из колледжей Усть-Каменогорска.

В итоге первое место заняли волейболисты Защитинской дистанции сигнализации и связи. На втором расположилась команда Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. Третью позицию заняли игроки ТОО «СпецСервисСуурлы».

Победители получили дипломы и памятные призы.



### В ЧЕСТЬ ЮБИЛЕЯ

**Илецкие железнодорожники провели турнир по мини-футболу, посвященный 30-летию независимости Республики Казахстан. Победила команда Илецкого железнодорожного участка.**

**Анна МАРЬИНА,**  
Илецк

Самыми спортивными, быстрыми и меткими в этот раз оказались команды пункта технического обслуживания вагонов станции Илецк материальными средствами. Кешіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Интересный атакующий футбол показали все команды, однако призерами стали три из них. Победителем турнира по праву стала команда ИЖУ, 2-е место заняла команда станции Илецк, бронзовые призеры – футболисты ТЧЭ-27. Почетное четвертое место заняла команда ПТО, уступив локомотивщикам третье в упорной борьбе.

Призеры награждены грамотами и ценными призами.

*Фото автора*

**В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошли соревнования по «Казах күресі» среди работников станций Нур-Султан, Кокшетау, Курорт-Боровое и Атбасар.**

### В УПОРНОЙ БОРЬБЕ

**Надежда НОВИЦКАЯ,**  
Кокшетау

В мероприятии, посвященном 30-летию независимости Республики Казахстан, приняли участие 25 спортсменов-железнодорожников.

Спортивная борьба «Казах күресі» имеет многовековую историю. Сегодня это единоборство вызывает большой интерес и среди железнодорожников. Поэтому желающих принять участие было значительно больше, чем в прошлом году. Зрители увидели много интересных, упорных схваток. В двухдневных соревнованиях борцы выступали в следующих весовых категориях: 60 кг, 70 кг, 80 кг и свыше 90 килограммов.

Организаторами спортивного события выступили профсоюзный комитет Акмолинского отделения ГП Амангелды Турегожин подчеркнул, что «Казах күресі» является особым видом спорта.

– Нас радует, что среди железнодорожников проведение соревнований по «Казах күресі» набирает популярность. Я считаю это хорошим началом для дальнейшего участия в таких турнирах, как «Казахстан барысы», – отметил он и пожелал собравшимся крепкого здоровья, благополучия и успехов, а участникам соревнований победного настроения и удачи.

По итогам динамичной и яркой борьбы определилась четверка призеров. Так, борцы



НОДПТ-1 заняли 11 мест из 16 призовых. В довольно сложном противостоянии с соперниками в весовой категории до 60 килограммов Фарух Ахметов, представивший ДС Астаны, стал победителем. В весе до 70 килограммов палуан ТЧЭ-10 Саят Балтабеков за счет упорного труда и воли к победе также завоевал «золото» соревнований. В категории до 80 килограммов победу праздновал Нурсултан Конысов из ПТО Атбасар, а весовую категорию до 90+ килограммов выиграл Самат Жанабергенов из команды ПТО Атбасар. Все победители соревнований были награждены грамотами, медалями и денежными премиями.

Добавим, что турнир проводился в целях пропаганды здорового образа жизни посредством развития национальных видов спорта в Казахстане, сохранения и дальнейшего укрепления идентичности в рамках программы «Рухани жаңғыру», а также развития этого вида спорта.

*Фото автора*



КАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Нур-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды кешіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Л. Ровба, С. Бакесова**

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сьдықбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Костанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаң Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.